

Бөжеева Айбарша Мұратбековнаның
БД041600 – Өнертану мамандығы бойынша
философия докторы дәрежесін (PhD) алуға ұсынылған
«Қазақстан деректі киносындағы шынайылықты көрсетудегі
режиссерлік әдістердің тенденциялары (1985-2015 жж.)»
атты диссертациясының мәтініне
АҢДАТПА

Зерттеу жұмысының өзектілігі деректі кинодағы шындықты жаңғыртудың режиссерлік әдістері үнемі дамып, жетілдіріліп отыратын феномен ретінде ерекше маңызға ие болғанында жатыр.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, өткен дәуірлердегі деректі фильмдерге деген көзқарас қайсыбір ұғымдардың ұмытылып немесе трансформацияға ұшырап, екпін қойылған мәселенің ауытқып және белгілердің қайта кодталуына алып келеді. Режиссердің субъективті ықыласымен көрсетілген, шындықты суреттеудегі режиссер таңдаған әдіспен берілген уақыт бейнесі алдыңғы орынға шығады. Осы субъективті ықылас, уақыт өте, көрермен жадында өмір шындығының нанымды куәлігі, нағыз шынайылықтың көрінісіндей қабылданады, әсіресе, режиссер көрсеткен шындық өнер туындысы сипатына ие болған жағдайда.

Шынайылықты көрсетудегі режиссерлік әдістердің тенденциялары деректі киноның индикаторы іспетті және өткен дәуір мен қазіргі өмір шындығының барлық ерекшеліктерін көрсетудегі бағыттарды айқындайды.

Режиссерлік әдістердің эволюциясы әр қырынан қаралды:

– авангард, модернизм, соцреализм және постмодернизм сынды көркемдік бағыттарға тән эстетикалық аспектілер тұрғысынан;

– көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп отырған әлемнің сыртқы келбеті мен авторлық деректі кино режиссерлерінің «ішкі» әлем келбеті тұрғысынан.

XX ғасыр мен XXI ғасырдың басындағы деректі кинодағы шындықты көрсетудің объективтілігі және субъективтілігі тақырыбындағы пікірталасты диссертация авторы Д. Вертов, С. Эйзенштейн, В. Шкловский, В. Михалкович, С. Лозница есімді ғалымдардың, кино теоретиктерінің еңбектері арқылы зерттеді. Өмір шындығы мен өнердегі шындықтың көрсетілуінің арақатынасы мәселелері О. Шпенглер, М. Хайдеггер, Э.Фромм, К.Г. Юнг, Ю. Лотман, М. Бахтин, С. Смирнов, А. Леонтьев және т.б. философтардың еңбектері арқылы зерттелді.

Модернизм мен постмодернизм эстетикасының арқасында, кинематография өнерінде Р.Арнхейм, Р.Барт, Ж.Делез, Ж.Дерридаға тиесілі жаңа ұғымдар пайда болды: «визуалды ой теориясы», «мәтін», «метамәтін» есебіндегі фильм, «бейне-уақыт», «бейне-кеңістік» және т.б. режиссерлік әдістердің эволюциясына әсерін тигізді.

Зерттеу нысаны – Қазақстан деректі киносы (1985 – 2015 жж.)

Зерттеу пәні – Қазақстанның авторлық деректі киносындағы (1985-2015 жж.) ең айтулы фильмдердегі көркемдік үрдістің индикаторы іспетті болған, өмір шындығын көрсетудегі режиссерлік әдістердің тенденциялары.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты – 1985 және 2015 жж. аралығындағы қазақстандық авторлық деректі киносында дәуірдің философиялық-эстетикалық портретін жасауда басымдыққа ие болған тенденцияларды анықтау. Ол үшін жаңа экран шындығы мен әлем келбетінің трансформациясы жағдайында қазіргі көркемдік ағымдар тұрғысынан визуалды белгі және дәуірдің көрінісі саналатын, үнемі дамып және жетілдіріле түсетін кинематографиялық феномен ретіндегі өмір шындығын көрсетудегі режиссерлік әдістер жан-жақты талданды.

Диссертациялық зерттеудің міндеттері:

– зерттеудің тұжырымдамалық негіздері мен әдістемелік шеңберін анықтау;

– шындықты көрсетудегі режиссерлік әдістерінің феноменін қарастыру, кино тілінің суреттеу құралы тұрғысынан шындықты көрсетудегі режиссерлік әдістерінің функциясы мен рөлін айқындау;

– фильмді жасау кезеңдеріне сәйкес режиссерлік әдістерді жүйелеу;

– 1985 ж. дейінгі кеңестік кезеңдегі шындықты жаңғыртудың режиссерлік әдістерінің қалыптасу ерекшелігін зерттеп, авангард, соцреализм, модернизм эстетикасының белгілерін анықтау;

– Қазақстан деректі киносында шынайылықты көрсету сипатын 1985 және 2000 жж. дейінгі аралығындағы, яғни, соцреализмнен қазіргі заманғы көркемдік ағымдар мен бағыттарға ауысқан өтпелі кезеңдегі шынайылықты көрсетудің режиссерлік әдістерін дәстүр мен жаңашылдық тенденциялары тұрғысынан қарастыру;

– 2000-2015 жж. аралығында постмодернизм дәуіріндегі жаңа экрандық шындық жағдайында қазақ деректі киносындағы шынайылықты көрсетудің режиссерлік әдістерінің басымдыққа ие болған тенденцияларын айқындау;

– әлемнің жалпы келбетінің динамикасы тұрғысынан ортақ тақырып, оқиға, құбылыс бойынша біріктірілген қазақ деректі киносындағы шынайылықты көрсетудің режиссерлік әдістерінің тенденцияларына салыстырмалы талдау жасау;

– арт-синемаға жататын фильмдердегі шындықты жаңғыртудың режиссерлік әдістерінің тенденциялары арқылы әлем келбетінің авторлық дербестігін зерттеу және бұл режиссердің шығармашылық әдісінің ұстанымын анықтау;

– деректі арт-синема мен масс-медиа цифрлы дәуірінің текетіресі жағдайында терең әрі философиялық пайымға ие экрандық шындықты жаңғырту мүмкіндігін анықтау.

Мәселе – көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп отырған әлем келбеті, жаңа экрандық шындық тұрғысынан алғанда, ортанқол масс-медиялық өндірістің

көлеңкесінде қалып отыр. Осының нәтижесінде, өмір шындығы әлемнің примитивті келбетіне трансформацияланды. Осыған балама ретінде, терең философиялық пайымға ие, әлемнің эстетикалық келбетін қалыптастыру қажет. Бұл мәселені тек деректі өнер туындылары (арт-синема) шеше алады.

Гипотеза – дәуір бейнесін сақтау үшін, өнер туындысы (арт-синема) саналатын, авторлық көзқарас пен шығармашылық ұстанымға ие, көркемдік сипаты жоғары деректі фильмдерге ерекше көңіл бөліп, қолдау көрсету керек.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Режиссерлік әдістер мен киноның көркемдік құралдары М.Мартеннің «Кино тілі», Б.Балаштың «Кино: жаңа өнердің мәні мен қалыптасуы», К.Разлоговтың «Фильм құрылымы», Ю.Арабовтың «Кинематограф және қабылдау теориясы» еңбектерінде зерттелді.

А. Тарковский, М. Ямпольский, С. Дробашенко, Р. Эберт, Н. Чернышева, Н. Самутина, М. Безенкова, Л. Джулай, E.Rutten, J.Fedor, V.Zvereva, Б. Нұржанов, Н. Мұқышева А. Мартонова, М. Ергебек, J. Sperling, T. A. Bredehoft, J. McGann, S. Voegelin, Sh. Bernar, A.Klevan, Г. Прожико, С. Потемкин, А. Новикова, С. Сычев, Р. Ширман және тағы басқа авторлар объективті шындықты қабылдау мен оның түрлі факторларға байланысты субъективті трансформацияға ұшырауын; деректі кинодағы дәйектің шынайы көрсетілуі мәселелерін; шындықты таспаға түсірудің шығармашылық әдістері мен ұстанымдары, сонымен қатар, оның көрсетілуін; кино тіліне модернизм мен постмодернизмнің әсерін; деректі кинодағы әлеуметтік уақыттың көрініс табуын; кино мен жаһандану үрдісін; жараланған жад пен оның постимпериялық трансформация жағдайында көрініс табуын; мәтін эволюциясын; экрандық бейненің ішкі мазмұндық мәнін жаңғырту мен автордың шындыққа көзқарасын; кинотуындыны іріктеу мен бағалау критерийлерін зерттейді. Режиссерлік әдістерді анықтап, жүйелеу үшін С.Медынский, М.Рабигердің оқулықтары, кинохроника операторлары мен режиссерлері Р.Кармен, А.Пелешяның мемуарлық әдебиеті, В.Орелов, Е.Савельева, В.Спирин, В.Латышев және т.б. режиссерлік әдістерге арналған ғылыми еңбектері қолданылды.

Қ. Сиранов, А. Кананин, К. Айнағұлова, К. Әлімбаева, Б.Р. Нөгербек, Б.Б. Нөгербек, А. Айдар, Г. Әбікеева, А. Увальжанова, О. Борецкий, Н. Беркова сынды қазақстандық кинотанушы, кино теориктері мен деректі және көркемсуретті кино саласы қайраткерлерінің зерттеулері қазақ киносы дамуының түрлі кезеңдеріндегі жалпы ерекшеліктерін түсіну үшін өте маңызды.

Отандық және шетелдік зерттеулерді талдау нәтижесінде, зерттеу тақырыбының ашылу деңгейі жеткіліксіз екені анықталды.

Зерттеу әдістері – тарихилық пен кешенді тәсілдеме ұстанымы. Мұнда бірнеше әдіс салыстырылып әрі өзара байланыстырылды: құрылымдық, герменевтикалық, компаративтік және терең бейқұрылымдық сұхбат.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

– Ғылыми айналымға «шынайылықты көрсетудегі режиссерлік әдістер» термині енгізіледі; деректі кинодағы экрандық шындық тұжырымдамасы тұрғысынан қайсыбір режиссерлік әдістің таңдалуы режиссердің ішкі «әлем келбетімен» тікелей байланысты екені алғаш рет, теориялық тұрғыдан негізделді.

– Деректі фильмнің суреттеу құралдарымен жұмыс істегенде шынайылықты көрсетудегі режиссерлік әдістерін таңдаудың тұғырлық рөлі мен авторлық сипаты дәлелденіп, шындықты жаңғыртудағы оның функциялары анықталды.

– Алғаш рет, шынайылықты көрсетудің негізгі режиссерлік әдістері жүйеленіп, деректі фильм жасаудың әр кезеңіндегі олардың қысқаша сипаттамасы берілді.

– «Социалистік реализм» кезеңіндегі шынайылықты көрсетудегі режиссерлік әдістердің тенденцияларына шолу жасалып, 1985 ж. дейін модернизм мен постмодернизм нышандары айқындалды.

– 1985 ж. бастап 2000 ж. дейінгі кезеңге тән «қайта құру мен жариялылық», егемендік жариялап, Қазақстан Республикасының мемлекеттілігінің нығаю кезеңіндегі шынайылықты көрсетудегі режиссерлік әдістердің тенденцияларына талдау жасалды.

– 2000 ж. бастап 2015 ж. дейінгі постмодернизм дәуіріндегі жаңа экрандық шындық жағдайында шынайылықты көрсетудегі режиссерлік әдістері тенденцияларының ерекшелігі алғаш рет анықталды.

– Алғаш рет, шынайылықты көрсетудегі режиссерлік әдістердің тенденциялары екі жақтан қаралды: әлемнің ортақ келбетінің динамикасы мен әлемнің авторлық келбеті тұрғысынан.

– Алғаш рет, кешенді түрде, шынайылықты көрсетудегі режиссерлік әдістерді таңдауда артықшылық берілетін тенденциялардың режиссердің жеке дүниетанымының дербестік ұстанымымен сәйкестігі зерделенді.

– Арт-синема мен масс-медиа текетіресі тұрғысынан алғанда, жаңа экрандық шындық жағдайында қазақ деректі киносының түйткілдері мен даму мүмкіндіктері анықталды.

Қорғауға шығарылатын қағидалар

– Шындықтың жаңғыртылуы – деректі киноға барынша сәйкес келетін термин. Шынайылықты көрсетудегі режиссерлік әдістері ретінде фильм жасаудың кез-келген кезеңінде режиссердің деректі материалға әсер ету мүмкіндігі және әлем келбетін жасаудағы авторлық талғамы айтылады.

– Деректі кино тілінің (құрылым, стиль, бейне, кеңістік-уақыт континуумы) суреттеу құралдарын жасауда шынайылықты көрсетудегі режиссерлік әдістері негізгі, жүйелі элемент, жігерлі шығармашылық акт және көркемдік құрал болып табылады. Режиссерлік әдістердің функциясы: конвенциональді (дәстүр), кино тілін дамытушы (эксперимент пен жаңашылдық), шығармашылық әдіс ұстанымын құраушы (арт-синема).

– Шынайылықты көрсетудегі режиссерлік әдістерін фильмді жасау кезеңдері бойынша жүйелеуге болады: дайындық, түсірілім, монтаж. Арт-синемаға жататын фильмдерде, әрбір әдісте режиссердің даралығының ізі бар.

– 1985 ж. дейін қазақ деректі киносында шынайылықты көрсетудегі режиссерлік әдістердің тенденциялары кеңестік кезең ерекшеліктеріне сәйкес қалыптасқан болатын. Осының өзі әлем келбетін қалыптастыруда белгілі бір режиссерлік әдістерді қолдануға әсерін тигізді. Заманауи көркемдік ағымдар мен авангард, модернизм бағыттары өте сирек кездеседі.

– 1985 ж. бастап 2000 ж. дейінгі кезеңді, шартты түрде, идеялық-тақырыптық эволюция, киноның жаңа тілін іздеу және авторлық деректі киноның қалыптасу дәуірі деп айқындауға болады. Режиссерлік әдістерді қолданудың дәстүрлі және жаңашыл тенденциялары басымдыққа ие. Авторлық деректі кинодағы режиссерлік әдістердің эволюциясы техникалық-технологиялық прогресс пен әлемдік көркемдік ағымдар мен бағыттардың әсерімен байланысты.

– 2000 – 2015 жж. кезеңіне әлем келбетінің трансформациясы мен жаңа экрандық шындық жағдайында шынайылықты көрсетудегі жаңа режиссерлік әдістердің даму тенденциялары тән. БАҚ пен БКҚ қалыптастыратын қазіргі экрандық медиа-шындықта шынайылықты көрсетудегі режиссерлік әдістердің тенденциялары постмодернизм дәуіріндегі әлем келбетін жасауда басымдыққа ие.

– Ортақ тақырып, оқиға, құбылысқа бірікке қазақ деректі фильмдеріндегі шынайылықты көрсетудегі режиссерлік әдістердің тенденциялары әлем келбетінің жалпы динамикасына сәйкес келеді.

– Деректі арт-синема үшін, сыртқы факторларға қарамастан, өзіндік әлем келбетіне беріктік тән. Шығармашылық тәсіл ұстанымдары шынайылықты көрсетудегі режиссерлік әдістердің байланысты.

– Шынайылықты көрсетудегі режиссерлік әдістердің тенденцияларын талдаудың арқасында, соңғы отыз жылдағы отандық деректі кино саласындағы мәдени мұраны ой елегінен қайта өткізу, арт-синема мен масс-медиа текетіресі тұрғысынан алғандағы деректі киноның түйткілдері мен даму бағдарын анықтау мүмкіндігі туды.

Теориялық және тәжірибелік маңызы

Диссертация материалдары деректі кино режиссурасы немесе кинотану бойынша оқулыққа негіз болып, осы саладағы факультеттер мен ЖОО оқыту-педагогика қызметінде және кинематографиялық, сондай-ақ, өнертану мамандықтары бойынша оқу құралдарын шығарғанда қолданылуы мүмкін. Деректі фильмді шығару кезеңдеріне сәйкес, шындықты жаңғыртудың режиссерлік әдістерінің ұсынылған жүйесі тәжірибелік маңызға ие және өзге зерттеушілер тарапынан әрі қарай жалғастырылып, жетілдірілуі мүмкін.

Апробация – диссертацияның жеке қағидалары мен тарауларының бөлімдері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларында баяндалып, ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған түрлі ғылыми журналдарда, Scopus деректер базасына енген ғылыми журналда басылды.

Жұмыс нәтижелерін енгізу – диссертация материалдарының бір бөлігі «Тұран» Университеті «Кино және теледидар академиясы» факультетінің «Киноөнер» кафедрасының оқу бағдарламасына енгізіліп, қолданылды. Осы диссертацияның авторы «Кино өнерінің заманауи мәселелері», «Заманауи кино мен телеөндірістегі режиссер», «Телехикаялар мен деректі фильмдер режиссурасы» пәндері бойынша ПОӘК дайындаған.

Диссертациялық еңбектің құрылымы – диссертациялық еңбек кіріспеден, үш тараудан, тоғыз тараушадан, қорытындыдан, қосымша мен библиографиялық тізімнен тұрады. Еңбектің жалпы көлемі 135 бет, библиографиялық тізімге 165 атау енген.

Диссертациялық еңбектің негізгі мазмұны

«Шынайылықты көрсетудегі режиссерлік әдістерді зерттеудің теориялық негіздері» атты **бірінші тарауда** шынайылықты көрсетудің теориялық аспектілеріне, зерттеудің әдістемесіне, шынайылықты көрсетудегі режиссерлік әдістердің рөлін, функциясын анықтау мен жүйелеуге байланысты мәселелер шешіледі.

«Әлемдік көркемдік үрдістердің шынайылықты көрсетудегі режиссерлік әдістердің қалыптасуы мен даму тенденцияларына әсері» атты **екінші тарауда** Қазақстан деректі киносының түрлі кезеңінде шынайылықты көрсетудегі режиссерлік әдістерін әлемдік көркемдік ағымдар мен бағыттар (авангард, соцреализм, модернизм, постмодернизм) тұрғысынан зерттеу нәтижелері келтіріледі.

«Субъективті әлем келбеті тұрғысында шынайылықты көрсетудің басымдыққа ие тенденциялары» атты **үшінші тарауда** арт-синема мен масса-медиа текетіресі тұрғысынан екі бағыттағы (әлем келбетінің жалпы динамикасы мен әлем келбетінің авторлық шығармашылық ұстанымдарының тұрақты көрінісі ретіндегі шығармашылық тәсілдің қалыптасуы) режиссерлік әдістердің тенденцияларын зерттеу нәтижелері мен мысалдары келтіріледі.

Әр тараудың соңында түйін шығарылады.

Қорытындыда диссертациялық зерттеудің нәтижесі қарастырылып, бірқатар түйін келтіріліп, қорытынды шығарылады.